

«8D05110 - Вирусология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Абай Жандос Сайлаубекұлының «Ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцина жасау технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негізде (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p><u>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған</u> (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	Ұсынылған диссертациялық жұмыс 2021-2023 жж. аралығында AP09259683 «Ірі қара малдың туберкулезінің алдын алу үшін векторлық вакцинаны өндіру технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасы аясында орындалған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	<u>Жұмыс ғылымға елеулі улесін қосады/қоспады, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</u>	Диссертациялық жұмыс нәтижелері отандық ғылымға елеулі улес қосады. Диссертациялық жұмыста кері генетика әдісі арқылы рекомбинантты тұмау вирусы негізінде жаңа векторлық вакцинаны әзірлеу технологиясы айқындалған.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары;</u></p> <p>2) орташа;</p>	Диссертациялық жұмысты орындау деңгейі жоғары, мәтіндерінің өзара байланысы сакталған және қазақ тілінің грамматикалық және

		3) төмен; 4) өзі жазбаған.	стилистикалық нормаларына сәйкес жазылған.
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p>	<p>Жұмыстың өзектілігі негізделген. Ірі қара мал туберкулезі – <i>Mycobacterium bovis</i> микобактериялары тудыратын зооноздық індегі. Аурудың ауыл – шаруашылығына тигізетін экономикалық зардаптары айтартылғатай, сондықтан оның алдын алу өзекті мәселе болып табылады.</p> <p>Әлемдік тәжірибеде кейбір мемлекеттерде ірі қара малды туберкулезге қарсы дәстүрлі Кальмет - Герен бацилласы (БЦЖ) вакцинасымен иммундау жүргізіледі. Ал Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерінде, әдетте, туберкулинді қолдану арқылы диагностикалау нәтижесінде оң нәтиже көрсеткен ауру малды карантинге алып, одан әрі сою іс-шаралары қолданылады.</p> <p>Осы мәліметтерді ескере отырып, ірі қара мал туберкулезінің алдын алуға арналған жаңа буын биопрепаратын әзірлеу маңызды және өзекті ғылыми мәселе болып табылады.</p>
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <p>1) <u>айқындауды</u>;</p> <p>2) ішінара айқындауды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	Диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбының негізгі аспектілерін толық ашып көрсетілген және жұмыстың құрылымы логикалық түрғыда байланысқан, мазмұны бірізділікпен баяндалған.
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және олар негізгі мәселелерін шешуге бағытталған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері өзара толыққанды және логикалық түрғыда байланысқан.

	<p>1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жок.</p>	Жұмыста микобактериялық доминантты гендерді тандау және клондау, рекомбинантты тұмау вирустарын күрү және өсіру, сондай-ақ вакцинаның тәжірибелік сериясын әзірленіп, оны зертханалық жануарларда сынау кезеңдері өзара тығыз байланыста, тізбектілікпен бағындалған.
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	Ізденуші ұсынған шешімдер сини талдауға негізделген. Жұмыста шетелдік ғалымдардың шешімдері мен зерттеушінің зерттеу нәтижелері салыстырмалы түрде талданып көрсетілген. Сонымен қатар, ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцинаны әзірлеу технологиясы бойынша ұсынылған шешімдер ғылыми негізделген және өзекті.
5.	<p>Фылыми жаңашылдық принципі</p> <p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы елімізде алғаш рет ірі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцинаны дайындаудың технологиясын ұсынумен ерекшеленеді.</p> <p>Векторлық вакцинаны әзірлеу, өндіру, оның иммунитет туғызы қасиеттерін және қауіпсіздігін зерттеу отандық ғылым үшін маңызды қадам болып табылады.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында кері генетика әдісін қолдану арқылы рекомбинантты микобактериялық акуыздарды экспрессиялайтын тұмау вирусының штамы әзірленді. Вакциналық вирус штаммының тауық эмбриондарында өсу шарттары оңтайландырылған. Алынған вирустық масса негізінде вакцинаның тәжірибелік сериясы жасалып, оның сапа бақылауы аясында иммуногенділік, қауіпсіздік және қорғау қасиеттеріне кешенді сынақтар жүргізілген.</p>

			Диссертацияның қорытындыларында зерттеу нәтижелері толығымен көлтірілген және қорытындының әр шешімінің практикалық маңызы бар.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық және технологиялық шешімдерді толығымен жаңа деп қарастыруға болады. Кері генетика әдісін қолдану, векторларға клондау процестері және рекомбинантты тұмау вирусын әзірлеу жұмыс барысында енгізілген инновациялық шешімдер болып табылады. Бұл тәсілдер зерттеудің жанашылдығын және оның практикалық маңыздылығын айқындайды.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторанттың алған нәтижелері мен қорытындылары толықтай негізделген және аяқталған болып табылады. Ізденушінің зерттеу нәтижелері жарияланған мақалалары, гранттық жоба аясында өткізілген жылдық есептері және алынған патенттері жұмыстың нақты орындалғанын көрсетеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жок;</u>	Диссертациялық жұмыста 3 ереже қорғауға шығарылған: 1. Құс тұмауы вирусын вектор ретінде пайдаланатын ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцинаны қолдану індettің алдын алудың тиімді әдісі болып табылады. 2. Iрі қара мал туберкулезіне қарсы векторлық вакцина дайындауға әзірленген технология замануи болып табылады. Векторлық вакцинаны дайындау технология бойынша ҰС 405-1919-04 ДП-146-2023 үйым стандартына жобасы әзірленген. 3. Құс тұмауы вирусы негізіндегі ірі қара малдың туберкулезіне қарсы векторлық вакцина

	<p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия;</u> 2) жоқ; <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) кең <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>зертханалық жануарларда қауіпсіздігін, протективті қасиетке ие екендігін және иммунитет туғызы қамтамасыз ететіндігі ғылыми нәтижелемен расталған.</p> <p>Жұмыста ұсынылған ережелер ғылыми жаңашылдығымен және маңыздылығымен ерекшеленеді. Ғылыми зерттеулердің нәтижесі жарияланған мақалалар мен патенттерде айқын көрсетілген. Бұл ережелер тривиалды емес және ірі кара мал туберкулезінің алдын алу үшін болашақта қолданылатын векторлық вакцинаның практикалық маңызы зор.</p> <p>Жарияланған мақалалар диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық ашып, оның негізгі нәтижелері мен тұжырымдарын дәйекті түрде сипаттайты.</p>	
8.	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жоқ. <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия;</u> 2) жоқ. 	<p>Әдіснаманы таңдау негізделген және ғылыми тұрғыдан дәлелді болып табылады. Жұмыс әдіснамасы нақты жазылған және зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p> <p>Докторант диссертациялық жұмыс нәтижелерін компьютерлік технологияны және статистикалық бағдарламаларды қолдана отырып, қазіргі заманғы молекулалық биология және генетика әдістері мен интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алған.</p>

		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс қорытындылары жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес алынған. Қорытындылар модельдік зертханалық жануарларда жүргізілген тәжірибелермен расталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста маңызды мәлімдемелер жұмыс тақырыбына сай отандық және шет ел ғалымдарының тәжірибелері мен мақалаларына сілтемелермен расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті берілген. Әдеби шолу бөлімінде тақырыпқа сай отандық және шетелдік ғылыми жұмыстарға шолу жасалған.</p>
9	Практикалық құндылық қафидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) <u>бар</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар, себебі жұмыста көрсетілген нәтижелер толыққанды болып табылады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>иля</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы зор. Алынған нәтижелер ірі қара мал туберкулезінің алдын алу мен бақылауда тиімді жаңа буын векторлық вакцинаны әзірлеуге негіз болады. Жұмыста ұсынылған әдістемелер мен технологиялар ветеринария саласындағы індетке қарсы шараларды жетілдіруге және ұлттық агроенеркесіп кешенінің тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, алынған нәтижелер ғылыми-зерттеу және өндірістік процестерде қолдану үшін әлеуетке ие.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p>	<p>Диссертациялық жұмыстағы практикалық</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жанасы 25%-дан кем).</p>	<p>ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу сапасы жоғары болып табылады. Жұмыс академиялық еңбек талаптарына сай рәсімделген, техникалық рәсімдеу талаптары сақталған еңбек болып табылады.</p>
11.	Диссертацияга ескертулер		<p>Диссертациялық жұмысты жазу барысында келесідей ескертулер бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақ тілінде кейбір терминдер (культура, вакцинация, процедура, антиген, модификация және т.б.) дұрыс аударылмаған; - Бақылау штаммының биологиялық сипаттамаларын диссертациялық жұмыстың 2.1 бөлімінде көрсетілу керек; - Ұсыныс ретінде вакцинаны өндірістік сериясын дайындау кезінде бақылау штаммының биологиялық, зардалтылық, уыттылық қасиеттерін биопреаргаттың сапасын тексеруге пайдалану қажет. <p>Дегенмен бұл ескертулер мен кемшіліктер диссертациялық жұмыстың нәтижелеріне және жұмыстың құндылығына әсерін тигізбейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша		<p>Диссертацияның негізгі нәтижелері баспадан шыққан 9 ғылыми еңбек жарияланған, оның ішінде, 1 мақала Қазақстан Республикасы Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған отандық мерзімді журналдарда; Web of Science (Q1) және Scopus дереккорына (82%) енгізілген «Vaccines» журналында 1 мақала, рецензияланатын «Journal of Genetic Engineering</p>

	эр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	and Biotechnology» журналында Web of Science дереккоры (Q2) және Scopus (44%) 1 мақала. Сонымен қатар 2 пайдалы модельге Қазақстандық патент алынған. Атап айтқанда, «Safety and Protective Efficacy of a Candidate Vector-Based Vaccine for Bovine Tuberculosis» мақаласында векторлық вакцинаны алу және оның зертханалық жануарлардағы қауіпсіздігін зерттеу нәтижелері көрсетілген. «Phylogenetic analysis of prospective M. bovis antigens with the aim of developing candidate vaccines for bovine tuberculosis» мақаласында векторлық вакцинаға арналған мақсатты ақуыздарды алу және олардың филогенетикалық талдауы көрсетілген.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Абай Жандос Сайлаубекұлына «8D05110 - Вирусология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үсынылады.

Ресми рецензент:

«Антиген» ғылыми-өндірістік кәсіпорны» ЖШС Бас директоры, ветеринария ғылымдарының докторы, профессор

Ахметсадықов Н.Н.

